

БҮГІНГІ КӘСІП – ЕРТЕҢГІ НӘСІП

ӘЛІМБАЕВА ГҮЛНАР ЕДІЛБАЙҚЫЗЫ

Жамбыл облысы әкімдігінің «№7 Бетқайнар колледжі» МКҚК директоры

Туған күні: 26.11.1964 жыл

Туған жері: Жамбыл облысы, Луговой ауданы, Қорағаты ауылы

Мамандығы: Физика-математика пәні мұғалімі

Мемлекеттік марапаттары: Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, «Қазақстан Республикасы колледждер ассоциациясының» медалі.

Жамбыл облысының кәсіптік білім беретін №7 Бетқайнар колледжі еліміздің нарықтық экономикасының дамуында орны ерек бірден бір мекеме. Қазақстан экономикасын өркендететін кәсіптік білім кадрларын дайындау арқылы, еліміздің ең маңызды әлеуметтік-экономикалық мақсаттарының шешімін табуға колледждің орасан үлесі бар.

2015 жылдан бері басшылық етіп отырған Әлімбаева Гүлнар Еділбайқызы ұжымымен бірлесе табалдырығын аттаған әрбір білімалушының сапалы кәсіп иесі атануы үшін аянбай қызмет етіп келеді. Олар өңірлік еңбек нарығында кәсіби қызметін дербес атқара алатын сапалы мамандар даярлап, аймақтың экономикалық-әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес, білімгерлердің рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жұмыспен қамтылуы үшін іс-әрекет жасап отыр.

№7 Бетқайнар колледжі – кәсіптік білім беру ісін жоғары деңгейде ұйымдастырып, кәсіби дағдыларды сапалы меңгерген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, экономиканың индустриялық-инновациялық дамуына ілескен, әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандар даярлауды негізгі мақсат етіп қойған мекеме. Тарихы 1974 жылдан бастау алған білім ордасы 2 корпусан тұрады. Оның негізгі екі қабатты оқу корпусы 269 білімгерге арналса, Сартөбе ауылында колледждің қосымша бөлімі 199 маман даярлауда. Биылғы 2017-2018 оқу жылында 230 студент оқуға қабылданып, білімгерлердің жалпы саны 544 құрап отыр. Олар «Фермер шаруашылығы» «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу», «Дәнекерлеу ісі», «Ақпараттық жүйелер» мамандығын игере алады. Білімалушылар күндізгі оқу бөлімінде бір ауысымда оқиды. Олар мамандықты кедергісіз игеру мақсатында оқу кабинеттер мен құралдар және көрнекіліктермен толықтай жабдықталған. Материалдық-техникалық базасы типтік үлгіде қалыптасқан колледждің төрт қабатты жатақханасының 75 орындық екінші қабаты қолданысқа беріліп, 120 орындық типтік асхана, 1 оқу полигоны, 2 оқу шеберханасы, 3 оқу зертханасы, 3 тігін шеберханасы және оқу залы мен спорт кешені қарастырылса, кітапхана қорында 9500 оқу-құралдары қамтылған, ал мультимедиа сыныбында 48 компьютер, 7 моноблок, 10 проектор, 1 мультимедиалық жиын білімалушылардың игілігіне

арналып отыр. Олардың барлығы санитарлық-гигиеналық талаптарға және техникалық қауіпсіздік нормаларына сай. 2016 жылы колледждің бас корпусы күрделі жөндеуден өтіп, артынша 2017 жылы сәуір айында колледж түлектерінің қамқорлығын пайдаланып алаңды көгалдандыру жұмысы алға қойылған.

Кәсіби біліктілік деңгейі шындалған ұстаздардың барлығы колледждің білім сапасын дамыту мақсатында етене еңбек етіп келеді. Бүгінде 50,7 пайызы жоғары және бірінші санатты құрайтын 67 педагог мамандар қызмет атқарады. Олар оқу процесінде инновациялық және интерактивті технологияларды кеңінен пайдалана отырып, дәрістердің сапалы, мазмұнды әрі қызықты өтуіне үнемі көңіл бөледі. Өмірінің 32 жылын сапалы маман даярлау ісіне арнаған колледж директоры әр жыл сайын ұжыммен бірге біліктілік деңгейлерін шыңдап, 2012 және 2017 жылы Стамбул қаласында арнайы курстарда білімін жаңартқан. Өткен оқу жылынан бері «Кәсіпкер Холдингі» АҚ ұйымының ұйымдастыруымен модульдік оқыту технологиясын енгізу мақсатында 10 педагог біліктіліктерін көтерген. Осыған орай, модульдік оқыту жүйесі негізінде «Облыстық техникалық және кәсіптік білімді дамыту» орталығының ұйымдастыруымен аймақтық семинарда педагог Б.Ұ.Жауар, Г.А.Нурбекова, А.Т.Мустафин, М.Б.Кадиева баяндамалар дайындаған болатын. Ал 2017-2018 оқу жылында «Модульдік жүйені енгізудің тәжірибесі және болашағы» тақырыбында Қырғыз Республикасының Тоқмақ индустриалды-педагогикалық колледжімен тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық конференция өткізіп, 2019 жылдан бастап информатика, химия, физика, биология пәндері бойынша үштілді білім беру қолға алуды жоспарлап отыр.

2016-2017 оқу жылынан бері колледж оқытушылары 22 республикалық, 11 облыстық жарыстарға қатысқан. Ондағы нәтижелі еңбектенген педагогтар марапаттарға ие болып, еңбектері еленуде. Атап айтсам, колледж директоры Әлімбаева Гүлнар және де С.Туленбаев, К.Кежембаев, Г.Нурбекова атты ұстаздар ҚР Білім және ғылым министрілігінің Құрмет грамотасымен марапатталса, М.Кадиева, С.Лукьянова, М.Саров ҚР Білім және ғылым министрілігінің алғыс хатын иеленген. Сондай-ақ, Ш.Фатулаев «Талғат Бигельдинов», Бауыржан Момышұлының «Батыр Шапағаты», «Патриоттық тәрбие үшін» медальмен марапатталып, О.Смаилов «Оқу ісінің үздігі», К.Саров «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік төсбелгілерінің иегерлері атанған. 2016 жылы ҚР Ұлттық ұйымдастыру комитетінің Ұлттық бизнес-рейтинг сараптамасы бойынша атаулы колледж «Индустрия көшбасшысы 2016» алтын рейтингіне енгізілгені биік мәртебе.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2017-2018 оқу жылынан бастап 1 және 2 курстың оқу жоспарына «Тарихи өлкетану» мен «Әдеби өлкетану» арнайы курстары енгізілді. Бұдан бөлек, 2017-2018 оқу жылында «Болашаққа көз қарас:РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» атты Елбасының мақаласы білімгерлер арасында талқыланып, тәрбие сағаттары өткізіліп, видеороликтер көрсетілді. Осыған байланысты, қараша айында колледж ғимаратының 1 қабатында «Рухани дамыту орталығы» салтанатты түрде ашылғаны білімалушылардың патриоттық рухын оятқаны анық.

2016-2017 оқу жылында колледж студенттері 68 республикалық, 3 облыстық олимпиадалар мен байқауларға қатысып түрлі жүлделерге ие болды. Соның бірі, 3 курс студенті В.Алиев «WorldSkills Taraz» өңірлік чемпионатының

«Пісіру технологиясы» құзыреттілігі бойынша III орынды иеленіп дипломмен марапатталған.

Гүлнар Еділбайқызы білікті кәсіп иелерін дайындауда өндірістік тәжірибе оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі деп есептейді. Кәсіптік тәжірибенің ұзақтығы және күнтізбелік кестесі мамандықтың оқу жоспарымен анықталады. Мысалы, «Фермер шаруашылығы» мамандығында қыркүйек-қараша айларында жер жырту, тырмалау, күздік бидай себу, жүгері жинау, қант қызылшасын жинау жұмыстары атқарылса, ал наурыз бен мамыр айларының аралығында жер жырту, арпа мен жүгері себу, тыңайтқыштармен жұмыс істеу, өсімдіктерді күтіп баптаумен айналысады. Осы туралы колледж басшысы: «Өндірістік тәжірибе барысында жылда 25-30га жерге арпа мен бидай егіледі. Оны жүзеге асыру үшін колледждің базасында үш МТЗ-80 доңғалақты трактор, бір комбайн мен себу агрегаты, екі соқа, культиватор, бір Газ-53 автокөлігі, екі шөпшабатын құрылғы, бір шөп престейтін құрылғы және білімгерлерді жұмыс орындарына жеткізетін Газель автокөлігімен қамтамасыз етілген», -деп атап өтті.

«Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығы бойынша колледжде теориялық сабақ өткізуге екі кабинет және тәжірибеге тігін машиналарымен жабдықталған төрт шеберхана берілген. Бұл істі толығымен жетілдіру барысында «Айша», «София», «Наталья», «Аленсия» ЖК тігін цехтарымен серіктестік орнатылған. «Дәнекерлеу ісі» мамандығын игеру үшін шеберханада газбен қамтамасыз етілген электрод, электрдәнекерлеу, газбен дәнекерлеу, жартылай автоматты және автоматты аппараттармен толықтырылған. Осыған байланысты, колледж «Артем», «Береке», «Лидер» ШҚ мен «Камшат Асель» ЖШС сияқты басқа да 16 өндіріс орындарымен тікелей қызмет атқарады. Мекеме директорының айтуы бойынша, екі жақтық ынтымақтастық нәтижесінде биылғы жылы дуальды оқыту жүйесімен тәмамдаған түлектердің 90 пайызы жұмысқа орналасқан. Бұл жүйе аясында оқытылатын 2 топтағы білімгерлерді жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында «Сұлтан», «Заря», «Қайрат и К», «Жақсылық», «Матан», «Мақұлбаев», «Арман», «Омар», «Шығыс», «Гуонлен» шаруа қожалықтарымен 52 келісім шартқа қол қойылған.

«Өндірістік тәжірибе кезінде егілген егістен 2017 жылы 21 тонна арпа, 16 тонна бидай өнім алынды. Оның 8 тонна бидайы қараша айында 32га жерге себілді, 4 тоннасы мал азығына берілді. Арпаның 10 тоннасы «Мақұлбаев» ШҚ қоймасына тұқымдыққа сақтауға қойылып, 4 тоннасы мал азығына арналды. Екеуінен қалған 11 тонна сатылып, түскен табыс студенттерді Астана қаласында өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне апару үшін жол қаражатына жұмсалды. Биылғы жылы 32га алқапқа күздік бидай егілді, көктемде арпа егуге 20га жер дайындалып отыр. Сондай-ақ, қазірі таңда 207 бас қой бар, өткен маусым айында олардың 156-ы қырқылып 302кг жүн өндірілген», -деп бөлісті Гүлнар Еділбайқызы.

Колледж өмірінде әрқашан қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Мысалы, қазан айында «Қайырымдылық акциясына» 30 білімгер қатысып, ауылдың жалғыз басты қарттары мен мүгедек отбасыларына көмек көрсетілген. Қараша айында Қордай ауданының орталық ауруханасының дәрігерлерімен әртүрлі тақырыптарда ұйымдастырылған жиында білімалушылар көптеген жаңа ақпаратпен таныстырылды. Бүгінгі таңда, жас ұрпақты жетілген,

толыққанды азамат етіп тәрбиелеуге, ең алдымен, құқықтық сауаттылық қажет екенін ескерген басшы, студенттер арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында арнайы орган қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру ісін дәстүрлі түрде жалғастырып келеді. Сондай-ақ, білімгерлердің бос уақытысын тиімді пайдалану үшін кіші футбол, үстел тенісі, шахмат, тоғыз құмалақ спорттық үйірмелері ашылған.

2018 жылғы 12 ақпан күні Сара Алпыс қызының туған күніне орай № 7 Бетқайнар колледжімізде 1-ші сабақта «Мейірімін төгетін ана» атты ашық сабақ өтілді. Бұл сабақты студенттерге Сара Алпыс қызының өмір баянымен, еңбек қызметімен таныстырылды, бейне фильмдер көрсетілді. Кітапханада соған орай көрме ұйымдастырылды. Сабақтың мақсаты: өзін-өзі анықтауға, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзіне адалдыққа, өзінің абыройын сақтай отырып үнемі Адам, осы сөздің толық мағынасында болып қалуға көмектеседі. «Өзін-өзі тану» пәнінің авторы Назарбаева Сара Алпыс қызының еңбегін насихаттау

Жаһандану заманына сай, еліміздің өндірістік саласының басым бағыттарын кадрмен қамтамасыз етіп, экономикасын өркендетіп, кәсіби шеберлікті тәрбиемен ұштастырып отырған колледж ұжымының еңбегіне қарай құрметі арта берсін!

Маржан ҚАШАҒАНОВА